

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

17. Вузы будут выдавать дипломы собственного образца // https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/vuzyi-budut-vyidavat-diplomyi-sobstvennogo-obraztsa-2021-390147/
18. Тлепина Ш.В. Состояние и вопросы высшего и послевузовского юридического образования в Казахстане // Правоведение, 2014 - №3 (314). – С.151.
19. Granados J. The challenges of higher education in the 21st century // Global University Network for Information (GUNi). - Barcelona. - 2015. - 10.26. <http://www.guninetwork.org/articles/challenges-higher-education-21st-century>.

УДК 34.09

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТЕТІКТЕРДІ ЖЕТІЛДІРУ

Дүйсенбаева Шұғыла Саматқызы

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті
sh_duysenbeva@mail.ru

Ғылыми жетекші

заң ғылымдарының докторы, профессор: Ибрагимов Ж. И

Қазақстан Республикасы тәуелсіз ел болғалы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырды, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары. Республика қызметінің түбегейлі принциптері қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық, бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму, қазақстандық патриотизм болып табылады (ҚР-дың Конституциясы, 1995). Осы аталған принциптердің толық орындалуына кедергі жасап тұрған қауіп-қатер – ол *сыбайлас жемқорлық*.

Жемқорлық (лат. *corruptio* - сатып алу) — мемлекеттік басқару құрылымдарындағы лауазымды қызметкерлердің өздеріне тапсырылған қызмет мүмкіндіктерін жеке бастарының пайдасы мен мүддесі үшін пайдалану мақсатында жасаған қоғамға қауіпті қылмыстық іс-әрекеттері. Жемқорлықтың жалпылама белгілері: лауазымды адамның өзінің немесе делдал арқылы пара берушінің немесе оның өкілі болған адамның пайдасына жасаған іс-әрекеті (әрекетсіздігі) үшін ақша, бағалы қағаздар, өзге де мүлік, мүлік құқығы немесе мүлік сипатындағы пайда түрінде пара алу, туыстық, жерлестік, т.б. жақындықтарына байланысты қызметке ретсіз қабылдау және көтермелеу, сондай-ақ, мемлекеттік және қоғамдық мүліктерді талан-таражға салу болып табылады. Әлемдегі кез келген мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін, нарықтық экономиканың құлдырауын, саяси жетілуін сыбайлас жемқорлық тежейді. Сол себепті кез келген қоғамда індет секілді тамырын кең жайған сыбайлас жемқорлықпен күресу біздің еліміз үшін мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі болып табылады. Бірақ сыбайлас жемқорлықпен күресу тек қана мемлекеттік органдар мен билік өкілдерінің міндеті ғана емес, ол бүкіл қоғамның жұмыла күресуге тиіс міндеті [1]

Ресей отарына айналғанша, дәстүрлі қазақ қоғамында жемқорлықтың етек жаюына алғы шарттар қалыптаспаған еді. Көшпелі қазақ қоғамының саяси -әлеуметтік жүйесіндегі демократиялық билік бидің қолында болды . Ауыл арасында жанжалдасқан немесе дауласқан адамдар арадағы дауды шешу үшін, сол ауылдағы қазақтың ғұрыптық заңдарын жақсы білетін , өзінің әділдігі мен шешендігін көзге түскен кез келген адамға жүгінуге құқылы

болды . Даудың әділдігі күмән тудырған жағдайда дауласушы тараптар билерге жүгінді . Осылайша, түйіні қиын дауларды әділ шешкен бидің атағы елге жайылып , абыройы арта түскен . Өзінің беделіне тақ түсірген би сот ісіне араласу құқығынан айырылған . Билер әділетсіз шешіміне шағым жасау ілуде бір рет , өте сирек кездесетін . Бұған дәлел ауыздан ауызға тараған мақал-мәтелдеріміз : “ Елдестіркем елшіден , Жауластырмақ-жаушыдан “ , “*Кілемге бергісіз алаша бар , Ханға бергісіз қараша бар “ , “Туганына ұрғаны -биді құдай ұрғаны “ , “Төбе биде өзіміз , Төре биде өзіміз , Қисық болса сөзіңіз ,Құрулы тұр тезіміз”* айғақ бола алады.

Қазіргі заманғы әлемде сыбайлас жемқорлықпен күресуді күшейту жұмысы үздіксіз жүргізілуде және әрдайым жетілдірілу үстінде. Әлемде сыбайлас жемқорлықпен күресу механизмінің барлық елдерге тиімді болатын бірегей жинағы жоқ. Әрбір мемлекет қолданатын сыбайлас жемқорлықпен күресу әдістерінің жиынтығы өзгеше, ол елдің саяси және экономикалық тұрақтылығына ғана емес, сонымен қатар әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлеріне, діни ерекшелігі мен құқықтық мәдениет деңгейіне және аумағы бойынша алатын жеріне, халқының саны мен орналасу тығыздығына да байланысты болып келеді.

Жемқорлық «Коронавирус» іспеттес десек қате болмас еді. Коронавирус секілді әлемнің түкпір түкпірін жайлап алды да, қоғаммен өсіп, дамуда. Жемқорлықтың осылай белең алуы қазіргі таңдағы басты мәселеге айналды. Міне, осыдан «Бұл ауқымды мәселені шешу үшін қандай шаралар жасалып жатыр? Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалай қалыптастырамыз?» — деген сан алуан сұрақтар туындайды. Қазақстанда «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы және арнайы агенттігі бар. Егер Қазақстан азаматы немесе азаматшасы пара беру барысында ұсталса, жоғарыда аталған заң бойынша ауыр жазаға тартылады.

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты қоғамда сыбайлас жемқорлықты жою болып табылады.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатына қол жеткізу мынадай:

1) қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбестік ахуалын қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарларын жою;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзара іс-қимылын нығайту;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты дамыту;

5) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру міндеттерін шешу арқылы іске асырылады [2]

Алайда, бұған қарамастан қаншама адамдар жемқорлықтың өсуіне өз үлестерін косуда. Әсіресе, мемлекеттік қызметкерлер, жоғары лауазымды адамдар. Қаншама қарапайым халық сыбайлас жемқорлыққа қатысты жан айқайларын баспасөздерде жеткізген болатын. Бірақ өте өкініштісі сол адамдарға ақшаны өздері ұсынатындығында. Себебі, қазіргі таңда адамдардың түп санасында бұл заманды ақша билейді деген қағида қалыптасып кеткен. Бұл түсінікті алдын алу үшін ең алдымен әр жеке тұлға санасын, бұл мәселеге деген көзқарасын өзгертуі қажет.

Біріншіден, адам саналы түрде пара сұрауды тоқтатуы қажет, тіпті ұсынған жағдайда қажетті органдарға дереу ескертуі тиіс. Осылайша, сол адамдар өз жазасын алады. Егер осылай жасасақ пара ұсынушы және оны қабыл алған адамдардың бойына қорқыныш ұялайды, әрі пара беремін деген ой екінші рет туындамайды. Ең бастысы, олар бұл жағдайдан сабақ алары сөзсіз.

Екіншіден, тәрбие мен мәдениеттілікке тікелей қатысы бар. «Жастарды қазақстандық патриотизмге, шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу қажет. Бүгіннен бастап ұлттық мінез-құлық, биік талғампаздық, тәкаппарлық, тектілік, білімділік, биік талғам, ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп қалыптастыруымыз керек». Бұлай ерекшелеп айтуының өзі еліміздің болашағы жастардың қолында екенін, олардың еліне адал болуы, түзу жолды таңдауы, сыбайлас жемқорлықтың орын алуын болдырмауы еліміздің өркендеуіне

біршама үлес қосатынын көрсетеді. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев әр Жолдауында адал еңбек пен маңдай термен тапқан әр тиын — нағыз ардың ісі екенін, өскелең жастарға да бұл қасиетті бойларына сіңіріп, тәрбие беру керек екенін жеткізеді. Осы бастан өскелең ұрпақтың бойына адамгершілік қасиетін, сыбайлас жемқорлық біздің қоғамда өмір сүріп жатқан «кұбыжық» екенін түсіндіру керек. «Transparency International» ұйымының жемқорлықтың әлем бойынша рейтингін анықтауы бойынша еліміз 2020 жылы 180 елдің ішінен 94-орын, 2021 жылы 102-орынға, 2022 жылы 101 орынға, ал 2023 жылы 93 орынға жайғасты. Бұл көрсеткіш елімізде парақорлықтың әлі орын алып жатқандығын көрсетеді. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттігінің мәліметтеріне сүйенсек, қазіргі таңда пара алу, пара беру бойынша көрсеткіш 20 %-дан астам азайған. Бұл қуантарлық жайттардың бірі. Ұйымның рейтингі бойынша 1-орында Дания, ал соңғы орындардың біріне парақорлығы басым Венесуэла орналасқан.

Дания — ең бақытты елдер рейтингінде 1-ші орынды алады. Себебі, бұл ел — әлемде жемқорлықтан ең таза ел. Қылмыс та, түрме де өте аз. Сотталған адамдар демалыс кезінде үйлеріне барады, тіпті олар жұмыс жасауға мүмкіндіктері бар. Заңға қарапайым адамнан, билік басында отырған адамдар да қатаң бағынады. Дания еліндегі сыбайлас жемқорлықтың аз болуының негізгі себептері мынадай:

- 1) мемлекет пен ел тұрғындарының жауапкершіліктерінің жоғары деңгейде болуы;
- 2) жұмысқа тұру барысында және компаниялардың өз ішінде арнайы заңының болуы, екі жақтан келісімді түрде пара алуға немесе бермеуге әрекет жасаулары;
- 3) жемқорлық туралы заң бойынша кімде кім пара берсе, ұсталса немесе күдікті ретінде саналса ұзақ жылға бас бостандығынан айырылып, мансабымен қош айтысады;
- 4) елдегі ақша айналымы ашық түрде жүргізіледі. Кіріс пен шығыс қатаң бақыланып отырады. Бұл елдің экономикасы дамыған және тұрғындардың өмір сүру жағдайлары жоғары екенін көрсетеді. Егер кез келген елде жемқорлық жоқ болса, халқы бақытты, елі тыныш және өмір сүруге қолайлы болар еді.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті Швеция, Канада, Финляндия, Норвегия, Исландия, Жапония, Германия, Израиль сынды мемлекеттер табысты жүргізіп келеді. Олар сыбайлас жемқорлықты ұлттық қауіпсіздікке төнген қауіп деп есептейді. Мәселен, 1995 жылы Ұлыбританияда Нолан комиссиясы жемқорлықтың алдын алатын 7 қағиданы қабылдаған. Олар: Риясыздық. Сатылмастық. Әділдік. Есептілік. Ашықтық. Арды, абыройды сақтаушылық. Басшылық. Міне, осы қағидалар арқылы бүгінгі таңда Ұлыбританияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттері өзінің жемісін бере бастаған.

Сыбайлас жемқорлықпен тиімді күресу үшін бірнеше құқықтық тетіктерді жетілдіруге болады:

Ақпарат берушілерді қорғау туралы заңдар: Сыбайлас жемқорлықты әшкерелейтін хабар таратушыларды қорғау үшін заңдарды күшейту.

Активтерді қайтару және тәркілеу заңдары: сыбайлас жемқорлық әрекеттері арқылы сатып алынған активтерді қайтарып алуға және тәркілеуге қатысты заңдарды жақсарту ұрланған қаражат пен активтерді қалпына келтіруге көмектеседі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі тәуелсіз агенттіктер: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттіктердің тәуелсіздігін, тиісті қаржыландыруын және өкілеттігін қамтамасыз ету олардың сыбайлас жемқорлық істерін тергеу мен қудалаудағы тиімділігін арттыруы мүмкін.

Халықаралық ынтымақтастық: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте тәжірибе алмасу және оны тоқтатудың бірлескен стратегиясын әзірлеу үшін халықаралық ұйымдармен және басқа елдермен ынтымақтастық

Сот реформасы: сот жүйесінің тәуелсіздігін, тұтастығын және тиімділігін арттыру сыбайлас жемқорлық істерінің әділ және бейтарап қаралуын қамтамасыз ете алады.

Мемлекеттік қызметшілердің кірістері мен шығыстарын, сондай-ақ олардың мүлкінің пайда болуын бақылаудың тиімді тетіктерін әзірлеу және енгізу.

Транспаренттік туралы заңдар: мемлекеттік операцияларда, сатып алу процестерінде және қаржылық операцияларда ашықтықты талап ететін заңдарды енгізу және орындау сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және жауапкершілікті арттыруға көмектеседі.

Қоғамдық хабардар болу және білім беру: сыбайлас жемқорлықтың теріс әсерлері туралы халықтың хабардар болуы мен білімін арттыру және этикалық мінез-құлықты насихаттау адалдық пен жауапкершілік мәдениетін дамыта алады.

Мектеп бағдарламасына «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет» сабағын енгізу . Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беруді мектеп бағдарламасына енгізу балалардың осы құбылысты және оның салдарын дұрыс түсінуін дамытуға көмектеседі. Осы саладағы білім келешек ұрпақты құқықтық тетіктер мен этикалық стандарттар туралы хабардарлығын арттыру арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдарға белсенді қатысуға дайындауға көмектеседі. Сондай-ақ мұндай іс-шаралар балалардың жауапты азаматтық қоғам құру үшін маңызды болып табылатын сыни ойлау дағдыларын және әрекеттердің әділдігі мен заңдылығын талдау және бағалау қабілетін дамытуға көмектеседі [3]

“Қандай қоғам болса , отбасы да сондай “ демекші қоғамда жүретін барлық коллизиялар отбасы қатынастарында қалай болғанда да көрініс табады . Моральдық - адамгершілік ілгерілеу , құндылықты ұстанымдар , қоғамның артықшылықтары отбасы қатынастарының негізін құрайды , отбасылық тәрбиелеу траекториясын қалыптастырады . Отбасы қоғамның бөлшегі ретінде қоғам дауына белгілі бір ықпал ете алады .

Сыбайлас жемқорлықты алдын алу отбасындағы бала тәрбиесінен басталса және ол қазақ халқымыздың әдет -ғұрыпынан негізделсе әрбір шаңырақта өскен бала сыбайлас жемқорлыққа жоламайтыны анық . Мысалға : «Асар» әдет-ғұрыпын естіп, көріп , көмек беріп жүрген баланың ойында адамға *ақысыз* тегін көмек беруге болатын ой қалыптасады . Нәтижесінде есейген жасөспірім пара алудан алшақтайды және «біреудің ала жібін аттама» деп қазақ халқымыз ешкімге қиянат жасамауды , мал мүлкін ұрламауды үйреткен .

Біздің жауабын таба алмай жатқан ауқымды мәселенің шешімі негізі оп-оңай. Ол — Отанға деген шексіз махаббат, яғни патриотизм. Қазір жасалып жатқан шаралар болсын, алдағы уақытта қолға алынатын шаралар болсын, ұйымдар болсын әр қандасымыздың бойында Елімізге деген кішкене ыстық сезім, сүйіспеншілік болмаса, бәрі бекер екені мәлім. Отанға деген махаббат, елге адал қызмет ету, өз халқына жанашыр болу, біреуге пара беріп, пара бермеуі. Еліміздегі сыбайлас жемқорлыққа байланысты заң жүйесін өзге елдердегідей қатаңдату қажет. Мысалы, жемқорлыққа қарсы ең ауыр жазалар Қытайда қолданылады. Сонымен қатар, Сингапурдың заңдар жүйесін қарауға болады [4]

Халқымызда *«Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ»* деген тағылымы мол қанатты сөз бар. Сөз астарына үңілсек, бұл ұлағаттың әділдікті ту етіп, шындықтың шырайын шығарған билерден қалғанын ұғынамыз. Яғни, әрбір адам немесе басшы мен мемлекеттік қызметші бүкіл болмыс-бітімімен адал, әділ, турашыл, таза болып, нақтырақ айтқанда өзіне жүктелген міндетті мінсіз атқармайынша қоғам түзелмейді, елдің дамуы алға жылжымайды. Сол себепті, мемлекеттік қызмет – мерейлі міндет қана емес, зор жауапкершілік һәм ел үшін туып, ел үшін қызмет етумен тең.

Қорытындылай келе, әр адам өз-өзімен жұмыс жасау керек, тек бас пайданың қамын емес, елдің келешегін ойлау қажет. Саналы ұрпақты тәрбиелеп, олардың бойына адал қызмет ету, заңсыз жолмен келген ақшамен шалқып өмір сүру бақыт емес, керісінше, болашағы жарқын елде өмір сүру үлкен бір бақыт екенін түсіндіруі қажет. Әрине, үкімет пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы органдар үнемі жағдайды қатаң түрде бақылауда ұстаулары маңызды. Еліміздің амандығы мен дамығанын, бәсекеге қабілетті мықты елдер қатарында болғанын қаласақ, сыбайлас жемқорлықты жеңуге бірге ат салысуымыз қажет. Бірлікте болсақ, заңға сүйеніп әрекет етсек алынбайтын қамал жоқ. Сананың өзгеруі адамның ішкі жан дүниесін, пейілін өзгерткенде, өзін саналы тұрғыдан өзгерткісі келсе, бәрі дұрыстары анық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес : оқу құралы. 1-бөлім / Н.Д. Мырзатаев. - Алматы : ССК, 2019. – 110. жемқорлыққа қарсы күрес : оқу құралы. 1-бөлім / Н.Д. Мырзатаев. - Алматы : ССК, 2019. – 110.
2. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» туралы заң Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ.
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері: оқу құралы / Жалпы редакциясын басқарған б.ғ.д., профессор Б. С. Абдрасилов. – Астана: Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2016. – 176 б.
4. «МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ» мақала авторлары: Байтекова Қ.Ж. , Рахметова Н.Ж., Шамшен Ж.А.

УДК 342:340.5

ОМБУДСМЕН В СТРАНАХ СНГ (СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ)

Медведев Никита Евгеньевич

nikitamedvedev072@gmail.com

магистрант 2 курса Института государства и права, ФГАОУ ВО Тюменский
Государственный Университет, Тюмень, Российская Федерация и Евразийского
национального университета имени Л.Н. Гумилева
Научный руководитель – Виниченко О.Ю.

Исследования показывают, что на эффективность института уполномоченного по правам человека влияет не только объем полномочий, но и личность самого омбудсмена [1]. В рамках доклада изучены биографии омбудсменов, в целях составления усредненного портрета омбудсмена в странах СНГ. В работе учитывались данные по странам, ратифицировавшим Устав Содружества Независимых Государств (Азербайджан, Армения, Казахстан, Кыргызстан, Россия, Узбекистан, Таджикистан) за исключением республики Молдовы, в связи с запуском процедуры выхода этого государства из СНГ и республики Беларусь, в связи с отсутствием института омбудсмена в этом государстве. Для составления портрета омбудсмена использованы следующие категории: пол, возраст, срок пребывания в должности, образование и наличие научных степеней (во внимание принимались кандидатские и докторские степени и их аналоги), а также предыдущий опыт работы.

При составлении портрета учитывался опыт работы во всех сферах с разделением на соответствующие группы (опыт работы в высшей школе, опыт работы в парламенте, опыт работы в органах исполнительной власти, отдельно учитывался опыт работы в правоохранительных органах). Несмотря на то, что одни омбудсмены имели богатый опыт в сфере защиты прав человек, в то время как другие очевидно не имели его вообще, такой показатель, как участие в правозащитной деятельности был исключен, поскольку полученные результаты оказались нерелевантны, в связи с субъективной оценкой понятия «правозащитная деятельность».